«БЕКІТЕМІН»
«Собкор» ЖШС сенімгерлік басқарушы директоры
Ан Е.Ю.
2026 жылғы 19 қазан

«Собкор» ЖШС ақпараттық хабарламасы

Қазақстан Республикасының барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының 2026 жылғы 29 қарашаға тағайындалған кезектен тыс сайлауы аясында «Собкор» ЖШС-нің (бұдан әрі – серіктестік) эфир уақытын және интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілерде алдын ала үгіт материалдарын орналастырудың жалпы шарттары.

(«OTYRAR» телеарнасы, Шымкент қ., otyrar.kz, kz.otyrar.kz сайты және әлеуметтік желілер: Instagram @otyrarkz, TikTok: otyrarkz, Telegram: otyrarkz, otyrarQaz)

Серіктестік – «OTYRAR» телеарнасы (бұдан әрі – Телеарна), otyrar.kz, kz.otyrar.kz интернет-ресурстарының (бұдан әрі – Интернет-ресурстар) меншік иесі және Instagram, Telegram, TikTok, YouTube әлеуметтік желілеріндегі OTYRAR әлеуметтік ресурстарының әкімшісі. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына сәйкес Серіктестік алдын ала үгіт материалдарын (бұдан әрі – Үгіт материалдары) Телеарнада және Интернет-ресурстарда орналастырудың төлем мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы хабарлайды.

Телеарнадан эфир уақытын беру Серіктестік (мекенжайы: Шымкент қ., Н. Төрекұлов көшесі, 15) пен Қазақстан Республикасында тіркелген саяси партиялар арасында олардың басшылары немесе ресми уәкілетті тұлғалары (өкілдері) атынан, сондай-ақ партиялық тізімдерін ұсынған және Қазақстан Республикасының барлық деңгейдегі мәслихат депутаттығына тіркелген кандидаттармен тікелей немесе олардың ресми уәкілетті өкілі / сенім білдірген адамы арқылы жасалатын жазбаша шарт негізінде жүзеге асырылады (бұдан әрі – Кандидат).

Телеарнада эфир уақытын беру мынадай Үгіт материалдарын орналастыру арқылы жүзеге асырылады:

1. Қазақ және орыс тілдеріндегі бейнероликтер;
2. Бейнесюжеттер;
3. Өзге де Үгіт материалдары.

Интернет-ресурстарда мынадай Үгіт материалдары орналастырылады:

1. Қазақ және орыс тілдеріндегі баннерлер;
2. Мақалалар.

Үгіт материалдарын орналастыру туралы шарт жасасуға Кандидаттың немесе оның уәкілетті өкілінің Серіктестік басшысының атына жолдаған жазбаша өтініші негіз болады. Өтініште материалдар саны, хронометражы, Телеарна эфирінде және Серіктестіктің Интернет-ресурстарында орналастырылатын кезеңі мен уақыты көрсетіледі.

Өтініш Кандидаттардың өтініштерін тіркеу журналында келіп түсу кезектілігімен тіркеледі. Әрбір жазбаша өтінішке өтініштің келіп түскен күні көрсетіліп, реттік нөмір беріледі.

Жазбаша өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуге тиіс:

1. Саяси партияның партиялық тізімінің ҚР ОСК-да тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі; бірмандатты аумақтық сайлау округі бойынша Қазақстан Республикасы мәслихаты депутаттығына кандидат куәлігінің көшірмесі;
2. Саяси партияның уәкілетті өкілінің өкілеттігін растайтын құжат;

3. Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4. Шарт жасасу үшін сенім білдірілген адамның өкілеттігін растайтын құжаттар (сенімхат).

Кандидаттардың Үгіт материалдарын Телеарна эфирінде және Интернет-ресурстарда орналастыру кезектілігі жазбаша өтініштердің келіп түсу тәртібімен айқындалады. Өтініштер бір мезгілде келіп түскен жағдайда жеребе өткізілуі мүмкін. Жеребе өткізу тәртібі мен шарттарын Серіктестік белгілейді.

Жазбаша өтініш келіп түскен кезде сұратылған уақыт бұрын өтініш берген басқа Кандидатқа ұсынылып қойған болса немесе техникалық мүмкіндіктерге байланысты берілмесе, Қоғам Телеарна мен Интернет-ресурстардың техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып, Кандидатқа Үгіт материалдарын орналастыру үшін басқа уақыт ұсынады.

Үгіт материалдары Телеарна эфиріне шығатын болжамды күннен кемінде 3 (үш) күнтізбелік күн бұрын, ал Интернет-ресурстарға орналастырылатын күннен кемінде 1 (бір) күнтізбелік күн бұрын Серіктестікке ұсынылуы тиіс.

Материалдарға қойылатын техникалық талаптар:

Телеарна эфирі үшін:

бейнеформат – MPEG2, MPEG4 кодегі, битрейт 30 Мбит/сек және одан жоғары, секундына 25 кадр, ажыратымдылығы 1280×720 және одан жоғары, кадр пішімі 16:9. Аудиоформат – PCM, WAV, 24 бит, 48 кГц, деңгейі –12 дБ. Материалдар сыртқы тасымалдағыштарда (қатқыл диск, флеш-карта) немесе электрондық сақтау орнына сілтеме беру арқылы ұсынылады.

Интернет-ресурстар үшін:

otyrar.kz, kz.otyrar.kz сайттарына арналған баннерлер прайс-парақта көрсетілген таңдалған слоттарға сәйкес, JPG/JPEG форматында, көлемі 2 МБ-тан аспайтын болуы керек. Мәтіндік мақаланың көлемі бос орындарды қоса есептегенде 4 000 таңбаға дейін (3 фотосуретке дейін). Мақалаға арналған фотосуреттердің ажыратымдылығы кемінде 1200×800 пиксель (JPG/JPEG форматы) болуы керек.

Бейнематериалдармен бірге Үгіт материалының мазмұнын құрайтын мәтіннің жазбаша нұсқасы, эфир уақытын беру туралы шартқа қол қоюға уәкілетті тұлға қол қойған құжат және Үгіт материалдарында бейнесі пайдаланылған адамдардың жазбаша рұқсаты ұсынылады. Олар қайтыс болған жағдайда – мұрагерлерінің жазбаша рұқсаты; кәмелетке толмаған балалардың бейнесі пайдаланылса – ата-аналарының, қорғаншыларының немесе қамқоршыларының жазбаша рұқсаты беріледі.

Үгіт материалдарында қаржыландыру көздері туралы дыбыстық немесе көрнекі ақпарат болуы тиіс. Үгіт материалдарын ұсынған Кандидаттар олардың мазмұнының Қазақстан Республикасы заңнамасының, соның ішінде авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы талаптарға сәйкестігі үшін дербес жауап береді.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген шарттар мен тәртіп бұзылған, сондай-ақ тиісті шарт талаптары орындалмаған жағдайда Үгіт материалдары эфирге және/немесе Интернет-ресурстарға орналастырылмайды не бұзушылық жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Егер Үгіт материалдарында конституциялық құрылысты күшпен өзгерту, республиканың тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, сословиелік немесе рулық араздықты қоздыру, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа табыну идеялары, сондай-ақ заңнамада көзделмеген әскерилендірілген құрамаларды құру туралы мазмұн болса, Қоғам оларды орналастырудан бас тартады.

Үгіт материалдарында Қазақстан Республикасындағы басқа саяси партиялар мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттығына кандидаттардың ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе

іскерлік беделіне нұқсан келтіруі мүмкін ақпарат болған жағдайда, Серіктестік оларды орналастырудан бас тартуға құқылы.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген орналастыру шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының талаптарына сәйкес түзетілуі мүмкін.

Өтініштер жұмыс күндері мына мекенжай мен жұмыс уақыты бойынша қабылданады:

- Қабылдау мерзімі: 2026 жылғы 1 қарашадан 24 қарашаға дейін.
- Уақыты: дүйсенбі–жұма, демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 10:00-ден 17:00-ге дейін (түскі үзіліс: 13:00–14:00).

«Собкор» ЖШС-нің алдын ала үгіт жүргізу жөніндегі прайс-парағы

Қазақстан Республикасының барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының 2026 жылғы 29 қарашаға тағайындалған кезектен тыс сайлауы аясында алдын ала үгіт материалдарын орналастыру. «OTYRAR» телеарнасы, Шымкент қ., otyrar.kz, kz.otyrar.kz сайты және әлеуметтік желілер: Instagram @otyrarkz, TikTok: otyrarkz, Telegram: otyrarkz, otyrarQaz.

Қызмет түрі	Уақыттың / өлшемі	Бағасы
«Жаңалықтар» бағдарламасының алдында немесе кейін «Ақпарат» бағдарламасында «Сайлау 2026» айдарымен сюжет: дайындау (1 сағат түсірілім), OTYRAR арнасында тәулігіне 4 рет көрсету; YouTube-та және otyrar.kz медиапорталында орналастыру	1,5 минут	250 000 теңге
«Жаңалықтар» немесе «Ақпарат» бағдарламасының алдында не кейін «Сайлау 2026» айдарымен бір тілдегі сюжет; OTYRAR арнасында тәулігіне 2 рет көрсету; YouTube-та және otyrar.kz медиапорталында орналастыру	1,5 минут	150 000 теңге
Бағдарламаны эфирге таратусыз дайындау	1 минут	20 000 теңге
Тапсырыс берушінің дайын телебағдарламасын эфирге тарату (1 рет көрсету)	1 минут	10 000 теңге
Тікелей эфирдегі қонақ (прайм-тайм)	20 минутқа дейін	200 000 теңге
Авторлық бағдарламалардағы қонақ («Жаңа күн»)	10 минутқа дейін	20 000 теңге
Ақпараттық бейнеролик дайындау (5–10 күн); шұғылдық коэффициенті +50% (3 күн)	30 секундқа дейін	100 000 теңгеден бастап
Тапсырыс берушінің техникасымен түсірілім, ауданға шығу, түсірілім 1 сағаттан артық	Әрбір 1 сағат үшін	30 000 теңге
Демалыс, түнгі және мереке күндері түсірілім	Үстеме ақы	Құнына +50%
Екі және одан көп локацияда түсірілім	1 локация	20 000 теңге
Жарнамалық блоктарда бейнероликті көрсету: 09:00–11:59; 12:00–18:59; 19:00–22:59; 23:00–01:00	1 секунд	100; 150; 220; 80 теңге (тиісінше)
Жаңалықтар бағдарламасының алдында және кейін бейнеролик орналастыру: «Ақпарат», «Жаңалықтар» бағдарламасының 1 көрсетілімі (1 қайталау)	1 секунд / 1 бағдарлама	300 теңге

Бағалар 16% ҚҚС-ты ескере отырып көрсетілген.

@otyrarkz әлеуметтік желілерінде дайын өнімді орналастыру құны

Платформа / қызмет	Бағасы / мерзімі
Мәтіні және 3 фотосуреті бар пост	50 000 тг (3 күн)
Stories	20 000 тг (1 күн)

Платформа / қызмет	Бағасы / мерзімі
Белгісі бар Reels (бейнеролик)	60 000 тг (3 күн)
YouTube арнасы: Shorts	30 000 тг
Telegram: жарияланым	30 000 тг
TikTok: жарияланым (3 күн)	30 000 тг
Бірлескен авторлық орналастыру (3 күн)	+50 000 тг
Reels-ті Top 3-ке бекіту (3 күн)	60 000 тг
Авторлық подкаст	300 000 тг
TikTok тікелей эфирі, 1 сағатқа дейін	100 000 тг
Тапсырыс берушінің алаңына түсірілім тобымен шығатын тікелей эфир	+50%

Бағалар 16% ҚҚС-ты ескере отырып көрсетілген.

otyrar.kz сайтында дайын өнімді орналастыру құны

Қызмет	Формат / көлем	Орналастыру шарты	Бағасы
Баннер	1000×100 (ең көбі 150) пиксель	Сайттың жоғарғы бөлігінде, барлық беттерде (айналымда 3 баннер)	10 000 теңге/тәулік
Баннер	1000×100 (ең көбі 150) пиксель	Сайттың төменгі бөлігінде, барлық беттерде (айналымда 3 баннер)	8 000 теңге/тәулік
Баннер	300×600 пиксель	Сайттың бүйір бөлігінде, барлық беттерде (айналымда)	9 000 теңге/тәулік
Баннер	300×250 (ең көбі 300) пиксель	Сайттың бүйір бөлігінде, барлық беттерде (айналымда)	9 000 теңге/тәулік
Дайын PR-мақаланы «Серіктестік материал» белгісімен жариялау (жабық сілтемелер әдепкіде nofollow)	4 000 таңбаға дейін + 3 фотосуретке дейін (1-еуі міндетті); постта 2 сілтемеден артық емес; тек дайын материал қабылданады	«Компания жаңалықтары» бөлімінде жариялау, сайттың басты бетіндегі жаңа жарияланымдар лентасында келіп түсу ретімен көрсету. Редакция тақырып пен мәтінге өзгеріс енгізу құқығын өзіне қалдырады.	100 000 теңге
Ашық сілтеме (dofollow тегін) қосу	1 сілтеме	Бір постта индекстеуге арналған 1 ашық сілтемеден артық емес	+50 000 теңге
PR-мақаланы әзірлеу және жазу	Кемінде 4 000 таңба	Кәсіби журналист әзірлейді; нативті жарнама форматында	125 000 теңге + орналастыру құнына 20%

Бағалар 16% ҚҚС-ты ескере отырып көрсетілген.

ТАПСЫРЫС БЕРУШІ авторлық және сабақтас құқықтардың сақталуына кепілдік береді.

*Бейнеөнімді дайындау мен орналастырудың қосымша шарттары қосымшаларда келісіледі. Бағалар жарнама агенттіктері мен делдалдарға қолданылмайды.

OTYRAR жарнама бөлімі: Шымкент қ., Н. Төрекұлов көшесі, 15

ЖАРНАМА: +7 777 405 50 77